

"Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешімге өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 03 шілдедегі N 4/51-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 30 шілдеде N 2619 тіркелді

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 487-бабына, 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2009 жылғы 14-сәуірдегі № 223 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а., нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне № 5675 болып енгізілген бұйрығына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. «Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген нөмірі 2523, 2010 жылғы 1 ақпандағы № 16 «Дидар», 2010 жылғы 2 ақпандағы № 16 «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін: аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Түсіпова

мәслихатының хатшысы

*Шығыс Қазақстан облыстық
Г. Пинчук*

Шығыс

Қазақстан

облыстық

мәслихатының

2012

жылғы

3

шілдедегі

№ 4/51-V шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	А р н а у л ы пайдаланудың түрі	с у Өлшем бірлігі	Т ө л е м а қ ы ставкалары, * теңге
1	2	3	4
Ертіс өзені бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	72,9
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге/1000 тек.м	209,6
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	59,0
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	59,0
5	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ	22,0
6	Су көлігі	теңге/1000 т.км	8,1
Балқаш және Алакөл өзен мен көлдері бассейні			
7	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	67,2
8	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге/1000 тек.м	185,3
9	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	53,2
10	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	51,0
11	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ	19,7
12	Су көлігі	теңге /1000 т.км	5,8

* Ескерту: төлемақы ставкалары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жыл сайын жариялайтын, сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.